

Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1141 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-05 /291 бұйрығын қараңыз.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 8-бабының 24-11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 2	ж ы л ғ ы	5
№	1 1 4 1	қ ы р к ү й е к т е г і
	қ а у л ы с ы м е н	
бекітілген		

Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидалары (бұдан әрі — Қағидалар) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 8-бабының 24-11)

тармақшасына сәйкес әзірленді және балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акваөсіру – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының жасанды өсімін молайту және өсіру;

2) су айдындарына балық жіберу – өз өсімін өзі молайтатын таралымдарды жасау, бағалы, сирек кездесетін және құрып бара жатқан балықтардың түрлерін сақтау және (немесе) тауарлық өнім алу мақсатында су айдындарына және (немесе) учаскелеріне балық өсіру материалы мен балықтарды жіберу;

3) көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы (бұдан әрі – КТБШ) – су айдындарындағы шаруашылық құны төмен балықтарды аулау есебінен ихтифаунаны толық немесе ішінара алмастыру, оларға балықтың бағалы түрлерін қоныстандыру, өсіру және кейіннен аулау арқылы оларды балық шаруашылығы мақсатында пайдалануды жақсартумен айналысатын шаруашылық;

4) шарбақтық балық өсіру шаруашылығы – шарбақта тауарлы өнім өсіруге мамандандырылған шаруашылық;

5) пайдаланушы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы № 102 қаулысымен бекітілген Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізу ережесіне және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарына (бұдан әрі - Бекіту ережесі) сәйкес балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскесі бекітіп берілген жеке және (немесе) заңды тұлға;

6) аумақтық бөлімшелер - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.08.2013 N 825 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану тәртібі

3. Акваөсіруді дамыту мақсатында:

1) жекелеген көлдер, техникалық су қоймалары, теңіздердің, өзендердің және су қоймалардың бөлшектенген шығанақтары, және КТБШ құру үшін жергілікті маңызы бар басқа да жеке су айдындары;

2) шарбақты шаруашылық құру үшін халықаралық және республикалық маңызы бар су айдынының учаскелері пайдаланылады;

4. Пайдаланушы өз бастамасы бойынша КТБШ және судағы торлы шарбақ

шаруашылығы нысанындағы балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін биологиялық негіздемесі болған жағдайда акваөсіруді дамыту үшін су айдынын және (немесе) учаскесін балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне аудару арқылы пайдалана алады.

5. Пайдаланушы су айдынын және (немесе) учаскесін акваөсіруді дамытуға пайдалануға аудару үшін аумақтық бөлімшеге мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) акваөсіруді дамыту үшін биологиялық негіздеме;
- 3) акваөсіру шаруашылығын құру бойынша дайындық жұмыстарының тізбесімен балық шаруашылығын жүргізу жоспары (бұдан әрі – жоспар).

6. Аумақтық бөлімше осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген құжаттарды келіп түскеннен кейін 5 жұмыс күн ішінде қарап, Бекіту ережесінде көзделген тәртіппен құрылған балық шаруашылығының су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекіту жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – комиссия) қарауына ж о л д а й д ы .

7. Жалған және толық емес ақпараттар мен құжаттар пакеті ұсынылған жағдайда осы Қағидалардың 6 тармағында көрсетілген мерзімде аумақтық бөлімше пайдаланушыға жазбаша дәлелді бас тарту береді.

Осы Қағидалардың 6 тармағында көрсетілген мерзімде дәл еместіліктерді және жетіспеушіліктерді жойған жағдайда пайдаланушы аумақтық бөлімшеге қ ұ ж а т т а р ы н т а п с ы р а д ы .

8. Комиссия ұсынылған материалдарды бес жұмыс күн ішінде қарайды және осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес, нысан бойынша акваөсіруді дамыту үшін көлдерде тауарлы немесе көлдерде тауарлы балық өсіру шаруашылығын құру туралы акт (бұдан әрі – аудару актісі) жасайды және осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша балық шаруашылығының су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану туралы үлгілік шартқа сәйкес жасалған Балық шаруашылығының су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасу үшін аумақтық бөлімшеге жібереді.

9. Су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін п а й д а л а н у ғ а :

- 1) а я қ т а у а к т і ;
- 2) ш а р т н е г і з б о л ы п т а б ы л а д ы .

10. Балық шаруашылығы бассейнімен байланысы бар су айдындарына және (немесе) оның жекелеген бөліктеріне осы өңірдің табиғи су айдындарында мекендейтін, сондай-ақ жерсіндірілген, интродукцияланған, реинтродукцияланған балық түрлерін ғана жіберуге рұқсат етіледі.

11. Су айдынымен байланысы бар суару жүйелері балық өсіру материалдарын

алу мақсатында балық шабағын өсіру үшін, сондай-ақ бұған биологиялық негіздеме бар болса, тауарлы балық өндіру үшін жас балықтарды өсіру үшін меншік иесімен келісім бойынша пайдаланылады.

12. Тұрғындар үшін ауыз су көзі ретінде пайдаланылатын су айдындарында және (немесе) учаскелерінде судағы торлы шарбақ ішінде балық өсіру шаруашылығын ұйымдастыруға болмайды.

13. Судағы торлы шарбақ ішінде балық өсіру шаруашылықтарының су айдындарына теріс әсерін болдырмау мақсатында су айдынындағы торлы шарбақтардың көлемі бүкіл су айдыны көлемінің 0,1 %-ынан аспауы тиіс.

Б а л ы қ ш а р у а ш ы л ы ғ ы с у
а й д ы н д а р ы н ж әне (н е м е с е)
учаскелерін акваөсіруді дамыту
үшін п а й д а л а н у қ а ғ и д а л а р ы н а
1-қосымша

КТБШ немесе торлы шарбақ шаруашылығы нысанындағы балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалануға аударуға арналған өтініш

1. Пайдаланушы (кәсіпорынның атауы, Т.А.Ә.) _____
2. Пайдаланушының деректемелері _____
3. Шекарасы, учаскенің координаталары, оның аумағы, га _____
4. Шаруашылық құру жөніндегі құрылыс және балық өсіру-мелиоративтік дайындық жұмыстарының түрлері _____
5. Шаруашылық құру бойынша жұмыстар жүргізу мерзімі _____
6. Пайдаланушының мекенжайы _____
7. Пайдаланушының қолы, күні _____

Қ о с ы м ш а :

1. Акваөсіруді дамыту үшін биологиялық негіздеме;
2. Акваөсіру шаруашылығын құру жөніндегі дайындық жұмыстарының тізбесімен балық шаруашылығын жүргізу жоспары.

Б а л ы қ ш а р у а ш ы л ы ғ ы с у
а й д ы н д а р ы н ж әне (н е м е с е)
учаскелерін акваөсіруді дамыту
үшін п а й д а л а н у қ а ғ и д а л а р ы н а
2-қосымша

Көлдiк-тауарлық балық өсiру шаруашылығы немесе шарбақты балық өсiру шаруашылығы нысанында пайдалануға су айдынын немесе учаскiсiн ауыстыру жұмыстарын аяқтау туралы АКТІ

«___» _____ 20__ жыл
(а к т ж а с а л ғ а н ж е р)
Біз, төменде қол қойған комиссия мүшелері

_____ (ла у а з ы м ы , т е г і , а т ы , ж ө н і ,)
бір тараптан және бұдан әрі «пайдаланушы» деп аталатын, Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларына сәйкес іс-әрекет ететін _____ екінші тараптан осы а к т і н і ж а с а д ы қ .
жалпы аумағы (га) _____ ауданында орналасқан (ауданның атауы) _____

_____ (с у а й д ы н ы н ы ң а т а у ы)
көлдерде тауарлы немесе судағы торлы шарбақ ішінде балық өсіру шаруашылығын құру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген барлық іс - ш а р а л а р о р ы н д а л ғ а н .

«Пайдаланушы» мынадай балық өсіру-мелиорациялық жұмыстарды жүргізген (орындаған жұмыстардың тізбесі) _____

Жоғарыда баяндалғанға байланысты _____

_____ (с у а й д ы н ы н ы ң а т а у ы)
_____ көлдерде тауарлы немесе
(шаруашылықтың атауы) судағы торлы шарбақ ішінде балық өсіру шаруашылығын құруға дайын, деп есептейміз
Осы акт 2 данада жасалды.

Қолдары

К о м и с с и я

Б а л ы қ ш а р у а ш ы л ы ғы с у
а й д ы н д а р ы н ж әне (н е м е с е)
учаскелерін акваөсіруді дамыту
ү ш і н п а й д а л а н у қағидаларына
3-қосымша

Балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану туралы ҮЛГІЛІК ШАРТ

_____ « ____ » _____ 20 ____ жыл
(ж а с а л ғ а н ж е р)

Аумақтық бөлімше, немесе бұдан әрі уәкілетті орган деп аталатын, Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидалары негізінде іс-әрекет ететін _____
_____ арқылы, бір тараптан және бұдан әрі пайдаланушы деп аталатын _____

_____ негізінде іс-әрекет етуші _____
_____ арқылы, екінші тараптан, осы шартты жасасып, төмендегілер жайында келісімге келді:

1. Уәкілетті орган бақылау жасайды, ал пайдаланушы _____ жыл мерзімге пайдалануға берілген _____

(с у а й д ы н ы н ы ң а т а у ы)
балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде акваөсіруді дамыту жөнінде міндеттемелер қабылдайды.

2. Пайдаланушының оған берілген су айдынын немесе учаскесін басқа тұлғаларға беруге, оның ішінде жалға беруге құқығы жоқ.

3 . П а й д а л а н у ш ы :

1) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасы осы шарттың талаптарын сақтауға;

3) белгіленген тәртіппен су айдынының, учаскесінің шекарасын арнайы белгілермен көрсетуге ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органның қызметкерлерін көлдерде тауарлы немесе судағы торлы шарбақ ішінде балық өсіру шаруашылығын қарап-көруге және оның қызметін тексеруге жіберуге міндеттенеді .

4. Осы шартты уәкілетті орган:

- 1) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы жүйелі түрде бұзылған;
 2) бекітілген су айдынын және (немесе) учаскесін пайдалану құқығы басқа заңды және (немесе) жеке тұлғаларға берілген;
 3) шарттық міндеттемелер өрескел немесе жүйелі түрде бұзылған жағдайда б ұ з у ы м ү м к і н .

5. Осы шартқа көлдерде тауарлы немесе судағы торлы шарбақ ішінде балық өсіру шаруашылығы су айдындарын немесе учаскелерін аудару жұмыстарын аяқтау туралы акт қоса тіркеледі.

6. Осы шарт екі данада жасалды, олардың бірінші данасы _____ берілді,
 _____ (п а й д а л а н у ш ы ғ а)
 екіншісі _____ уәкілетті органда
 _____ (уәкілетті органның атауы)
 сақталуда.

Шарттың қолданысқа енген күні «__» _____ 20__ жыл

Уәкілетті	орган	П а й д а л а н у ш ы	
_____		_____	
(атауы)		(атауы)	
_____		_____	
(пошталық, телеграфтық адресі)		(пошталық, телеграфтық адресі)	
_____		_____	
_____		_____	
(банк деректемелері)		(банк деректемелері)	
_____		_____	
(лауазымы,	Т. А. Ж.)	(лауазымы,	Т. А. Ж.)
_____		_____	
(қолы, мөр)		(қолы, мөр)	